




**ТОЙДЫҢ ТҮПКІ МӘНІ НЕ?**

5-БЕТ | ҚОҒАМ



**«БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ» ҚАЛАЙ ӨТІП ЖАТЫР?**

8-БЕТ | СПОРТ


№90
(4988)
Сенбі
1 тамыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ


# ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ ЖИ БАҚЫЛАЙДЫ



**ЕЛОРДАДА ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ПЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗАЛЫҚТЫ БАҚЫЛАУҒА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚОЛДАНЫЛА БАСТАДЫ. БҮГІНГІ ТАҢДА ҚАЛАНЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ 60 МЫҢНАН АСТАМ БЕЙНЕКАМЕРА ҚОСЫЛҒАН. СОНЫМЕН ҚАТАР ЖҮЙЕДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ 35-ТЕН АСТАМ БЕЙНЕАНАЛИТИКАЛЫҚ СЦЕНАРИЙ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЕНГІЗІЛУДЕ.**

3



## 450 МЫҢҒА ЖУЫҚ БАЛАҒА – КӨМЕК

1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін Жалпыға міндетті білім беру қоры аясында әлеуметтік осал санаттағы балаларға мектеп формасын, аяқ киім мен мектеп құралдарын сатып алуға көмек көрсетіледі.

Оқу ағарту-министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2026-2027 оқу жылы қарсаңында 450 мыңға жуық балаға қолдау көрсетіледі. Осы мақсатқа жергілікті бюджеттерде 23 млрд теңгеге жуық қаражат қарастырылған. Көмектің ең төменгі мөлшері бір балаға 50851 теңгені құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 пайызға артық. Жергілікті бюджеттің мүмкіндігіне қарай жекелеген өңірлерде төлем мөлшері жоғары болуы мүмкін. Көмек жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға беріледі. Төлемді алу үшін ата-аналар немесе заңды өкілдер тиісті құжаттарды білім беру ұйымына тапсыруы қажет.

## ЕРЕЖЕЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНЕДІ

25 тамыздан бастап Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» заңына енгізілген өзгерістер күшіне енеді.

Енді 65 жастан асқан және мүгедектігі бар жүргізушілер екі жылда бір рет міндетті медициналық тексеруден өтуі қажет. Сонымен бірге жолда жүру қағидаларын өрескел бұзған жүргізушілер қайтадан теориялық емтихан тапсыруға жіберіледі. Ал масаң күйде көлік басқарған азаматтарға жауапкершілік күшейді. Сондай-ақ қылмыстық іс жәбірленушімен татуласуына байланысты тоқтатылғанның өзінде, құқық бұзушы 8 жылға көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Жүргізуші куәлігі болмаса, оны 8 жыл бойы алу мүмкін болмайды.



## TARLAN ASTANA: ТАРИФТЕР ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

1 тамыздан бастап жолаушылардың ыңғайлылығы үшін Tarlan Astana жеңіл рельсті көлік желісінде тарифтер жүйесі енгізіледі деп хабарлады CTS-тің баспасөз қызметі.

**Бір реттік жол жүру – 200 тг.**

**Мерзімдік тарифтер:**
- 1 күн – 500 тг;
- 3 күн – 1 500 тг;
- 5 күн – 2 500 тг;
- 10 күн – 4 000 тг;
- 15 күн – 5 000 тг;
- 1 ай – 7 500 тг;
- 3 ай – 20 000 тг.

**Белгіленген сапарлар саны бар тарифтер:**
- 5 сапар – 900 тг;
- 10 сапар – 1 800 тг;
- 20 сапар – 3 500 тг;
- 30 сапар – 5 000 тг.

**Айлық жол жүру тарифтері:**
- Ағымдағы айдың 15-іне дейін (қоса алғанда) сатып алынған жағдайда, тариф ағымдағы айдың соңына дейін жарамды.
- Ағымдағы айдың 15-інен кейін сатып алынған жағдайда, тарифтің қолданылуы келесі айдың 1-інен басталады.
- Тариф сатып алынған күнтізбелік ай ішінде, яғни айдың 1-інен 30/31 күніне дейін жарамды.

Тарифтерді Tarlan Astana стансаларындағы кассалардан сатып алуға болады. Тариф Tarlan Astana көлік карталарына жүктеледі.


1-2 ТАМЫЗ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ
Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді.
Мекенжайы: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.




№90 (4988) 01/08/2026 Сенбі



# ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ОРТАҚ ҰМТЫЛЫС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия және Әзербайжан мемлекеттері басшыларының бейресми Консультативтік кездесуіне қатысты.

### ҚЫРҒЫЗ – ҚАЗАҚҚА БАУЫРЛАС ЕЛ

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде дәстүрге сай айрықша ықыласпен қарсы алғаны және бейресми кездесуді өткізу туралы бастама көтергені үшін Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа шынайы ризашылығын білдірді.

«Қырғыз халқы – қазақ халқы үшін бауырлас ел. Біз бәріміз – бір туған ағайын халықпыз. Біздің арамызда қалыптасқан достық, сенім, туысқандық және өзара қолдау – ата-бабамыздан өсиет болып қалған қасиетті аманат әрі мәңгі құндылық. Қазіргі таңда біз Қырғызстанның қарқынды дамуына куә болып отырмыз. Сіздер қол жеткізіп жатқан әр жетістікке шын жүректен қуанамыз. Қырғыз елінің өсіп-өркендеуі – Орталық Азияның тұрақтылығы мен баянды дамуының маңызды кепілі. Бұл құрметті Президент Садыр Нұрғожаұлы Жапаровтың табанды еңбегі мен көреген басшылығының арқасы екені сөзсіз» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл кездесу қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауға, сан қырлы серіктестіктің алдағы басымдықтарын айқындауға мол мүмкіндік беретініне тоқталды.

«Барлық деңгейдегі байланыстың жандануы бауырлас халықтарымыздың игілігі мен тұтас аймақтың өркендеуі жолында мемлекеттеріміздің жасампаз ықпалдастыққа ортақ ұмтылысын айқын көрсетеді. Бұл орайда «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа» қол қою рәсімдерінің аяқталуы айтулы жетістік болды. Аталған тарихи құжат стратегиялық серіктестігіміздегі жаңа кезеңнің басталғанын айшықтайды. Өзара сенімге, құрметке және бауырлас халықтарымыздың болашағына деген ортақ жауапкершілікке негізделген өңірлік ынтымақтастықтың «саяси арқауын» қалыптастырады» деді Қазақстан Президенті.

### ЖОСПАР ӘЗІРЛЕУДІ ҰСЫНДЫ

Мемлекет басшысы осы маңызды шартқа қосылғаны үшін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтты.

«Келесі кезең аталған құжат ережелерін нақты іске асыру болуға тиіс деп санаймын. Осыған байланысты достық пен тату көршілікті одан әрі нығайтуға, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты бекемдеуге бағытталған ұзақмерзімді өзара ықпалдастығымыздың анық бағдарлары көрсетілген іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және қабылдауды ұсынамын. Өзара сенімнің нығаюы мен өңірлік ынтымақтастықтың қарқынды дамуының арқасында Орталық Азия жаңа тарихындағы аса табысты кезеңді бастан өткеріп жатыр деп нық сеніммен айтуға болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Әзербайжанның Консультативті кездесулердің толық мүшесі болуы бұл форматты нығайтудағы оң эволюцияның жаңа деңгейін көрсететінін мәлімдеді.

«Бірлескен күш-жігеріміз арқылы саяси диалогты одан әрі тереңдетуге, инвестиция, энергетика, өнеркәсіп салаларындағы қарым-қатынасты жандандыруға, бірыңғай көлік-логистика жүйесін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасалуда. Соңғы жылдары өңірішілік сауда ұдайы өсіп, іскерлік байланыс кеңейе түсті. Бірлескен кәсіпорындар құрылып, ортақ инвестициялық жобалар іске асырылуда. Сонымен қатар гуманитарлық қарым-қатынас жандана түсті. Мәдениет, білім салаларындағы, жастар арасындағы ықпалдастықтың мазмұны байып келеді. Осы оң нәтижелердің барлығы бауырлас халықтарымызды одан әрі жақындатуға және аймақтың беделін нығайтуға ықпал етеді» деді Мемлекет басшысы.

### ОРТА АЗИЯНЫҢ ҮНІ САЛМАҚТЫРАҚ ШЫҒА БАСТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық үдерістерде Орталық Азияның рөлі сенімді түрде артып, әлемдік аренадағы аймақтың үні айқын әрі салмақтырақ шыға бастады деп санайды.

«Бұған Қырғызстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде сайлануы (2027-2028 жылдарға) жарқын мысал бола алады. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Қырғыз Президенті құрметті Садыр Нұрғожаұлы Жапаровты және барша қырғыз халқын осы тарихи жетістікпен құттықтаймын» деді Президент.

### ШОЛПАН-АТА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Мемлекет басшысы ықпалдастықтың барлық негізгі мәселесі былтыр Ташкентте өткен кездесуде егжей-тегжейлі талқыланғанын атап өтті.

«Сол кезде айтылған бастамалар, соның ішінде Консультативтік кездесулерді институционалдық тұрғыдан дамыту мәселесі әлі де өзекті және оны іске асыру мақсатында бірлесе жұмыс істеуіміз қажет. Қазақстан қол жеткізген келісімдерге ынталы, елдеріміз арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестікті нығайтуға бағытталған жасампаз бастамаларды одан әрі ілгерілетуді көздейді. Бірлескен күш-жігер арқылы ортақ прогресс жолында бұдан да биік белестерді бағындыратынымызға сенімдімін. Сөз соңында түрікмен дос-бауырларымызға Консультативтік кездесулер форматындағы алдағы іс-шараларды өткізуде табыс тілеймін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Орталық Азия және Әзербайжан мемлекеттері басшыларының бейресми Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша Шолпан-Ата декларациясы қабылданды.





# БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ КӨБЕЙДІ

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов Қаржы, Ұлттық экономика министрліктері және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басшылығының қатысуымен кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.



Жиында кәсіпкерлік саласындағы қазіргі жағдай, салық реформасының алдын ала нәтижелері және бизнес субъектілерінің қызметін әділ реттеуді қамтамасыз ету іс-шаралары қаралды. Сондай-ақ іскерлік белсенділікке, салалық және өңірлік көрсеткіштерге назар аударылды.

Қаржы министрі Мәди Такиевтің баяндауынша, І жартыжылдық қорытындысы бойынша республикалық бюджетке корпоративтік табыс салығынан түсетін түсімдер 15,7%-ға артқан. Салалар арасында оң серпін әсіресе қаржы секторында және өңдеу өнеркәсібінде байқалады.

Бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша шағын және орта бизнес субъектілерінің саны шамамен 550 мыңға артты. Қаржы министрлігінің деректеріне сәйкес, бұл көрсеткіш өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың қызметін заңдастыру жұмыстарының нәтижесінде қалыптасты. Бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтығандар тек әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыра отырып, салық төлеуден босатылады. Жалданбалы жұмыскерлері жоқ 260 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі өз қызметін тоқтатқан, бұл бизнестің жасанды түрде «бөлшектеу» тәжірибесінің айтарлықтай қысқарғанын көрсетеді.

Салық кодексіне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді төлеу шегі 325 мың АЕК-тен (1,4 млрд теңге) 600 мың АЕК-ке (2,6 млрд теңге) дейін көтерілді. Нәтижесінде жаңа талаптарға сәйкес келетін кәсіпорындар корпоративтік табыс салығы бойынша түпкілікті есеп айырысуды жылына бір рет жүргізеді. Осыған байланысты 2026 жылдың қорытындысы бойынша түсетін тиісті түсімдер 2027 жылдың бюджетінде көрсетіледі (бұған дейін олар есепті жыл ішінде ай сайын түсіп отырған). Бұл бизнеске есептілік көлемін қысқартуға және айналым қаражатын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

«Атамекен» ҰКП төрағасы Қанат Шарлапаев бизнеске қатысты бірқатар мәселені көтеріп, іскер қоғамдастық атынан ұсыныстар айтты. Сондай-ақ Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмрин пікір білдірді.

Талқылау қорытындысы бойынша Олжас Бектенов экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету жөніндегі ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекет пен бизнес арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында ынтымақтастықты жалғастыруды тапсырды. Қаржы және Ұлттық экономика министрліктеріне «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, кәсіпкерлік сектордың жай-күйіне салалық және өңірлік бөліністе кешенді талдауды ай сайын жүргізіп, оның нәтижелері бойынша тиісті ақпаратты енгізіп отыру тапсырылды.



# БІРҚАТАР ЖОБАНЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиын алдында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден осыған дейін Қоғамдық кеңестің төрағасы болған Зулфухар Ғайыповты жаңа қызметке тағайындалуына байланысты құттықтады.

**Шапағат ӘБДІР**

Өз сөзінде мәслихат төрағасы Зулфухар Сұлтанұлының елорда мен оның тұрғындарына ұзақ жылдар бойы адал қызмет еткенін атап өтті. Қоғамдық кеңестің ардагер мүшелері мен аға буын өкілдері де З.Ғайыповқа ізгі тілегін арнап, әріптестері атынан иығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Одан кейін кеңес мүшелері бірқатар нормативтік-құқықтық актінің жобаларын қарады. Отырысты Астана қаласы Қоғамдық кеңесі төрағасының міндетін атқарушы Кәрімбек Құрманәлиев жүргізді. Атап айтқанда, салық салу мақсаты үшін жерлерді аймақтарға бөлу схемасы мен жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру (төмендету) пайыздары туралы жаңа шешім жобасы, сондай-ақ осы мәселеге қатысты 2018 жылғы мәслихат шешімінің күшін жою қарастырылды. Сонымен қатар елорданың көлік инфрақұрылымын басқару және пайдалану қағидаларын, көлік инфрақұрылымы объектілерін басқаруға беру тәртібін, жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу және пайдалану қағидаларын бекіту мәселелері талқыланды. Бұған қоса, Астана қаласы әкімдігінің жекелеген қаулыларының күшін жою туралы жоба қаралды.

# ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ ЖИ БАҚЫЛАЙДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Бас қаланың тазалығы мен қоғамдық тәртібін қамтамасыз ету үшін экология акциялары, бейнебақылау жүйелері, жасанды интеллектке негізделген цифрлық платформалар және коммуналдық инфрақұрылымды басқарудың заманауи тетіктері кешенді түрде қолданылып жатыр. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының орынбасары Медет Жалпыбаев пен Astana smart city ахуалдық орталығының басқарушы директоры Айбек Ахметбеков мәлімдеді.

Спикерлердің айтуынша, «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында жыл басынан бері елордада 250-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған 300 мыңнан астам тұрғын қатысты. Осы уақыт ішінде 1200 тоннадан астам қоқыс шығарылып, 8,5 мыңнан астам аула тазартылды. Сонымен қатар 1,4 мыңнан астам аялдама павильоны жуылып, 360 мыңға жуық жасыл желек, оның ішінде 15 мың ағаш отырғызылды.

Қаладағы рұқсат етілмеген қоқыс орындарын анықтау жұмысы да жалғасуда. «Ғарыш сапары» ғарыш мониторингі нәтижесінде анықталған 122 заңсыз қоқыс үйіндісінің 68-і жойылып, қалған учаскелер бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл мақсатқа 30 арнайы техника жұмылдырылып, нәтижесінде 105 мың тоннадан астам қалдық шығарылған.

Заңсыз қоқыс төгудің алдын алу үшін бүгінде қала шетіндегі 34 нысанда 122 бейнекамера жұмыс істейді. Келер жылы бұл жүйе кеңейіп, тағы 41 нысанға 152 камера орнатылады. Нәтижесінде елордадағы бақылау камераларының саны 274-ке жетеді.

Қазіргі таңда қаланың бірыңғай цифрлық жүйесіне 60 мыңнан астам бейнекамера қосылған. Онда жасанды интеллект негізіндегі 35-тен астам бейнеаналитикалық сценарий енгізілуде. Жүйе қоғамдық орындарды ластау, қоқыстың заңсыз төгілуі, вандализм, аялдамаларды бүлдіру, заңсыз сауда және қоғамдық тәртіпті бұзу деректерін автоматты түрде анықтайды. Дегенмен түпкілікті шешімді уәкілетті қызметкерлер қабылдайды.

Будан бөлек, барлық камералар, датчиктер мен коммуналдық қызметтердің GPS жүйелері қалалық ахуалдық орталыққа біріктірілген. Қазір орталыққа 18 төтенше, коммуналдық және өзге де қызмет қосылған. Әрбір оқиға жүйеде тіркеліп, жауапты мекемелерге жедел жолданады және оның орындалуы толық бақылауда болады.

Биылғы 7 айда абаттандыру және тазалық қағидаларын бұзғаны үшін 30,2 мыңнан астам құқық бұзушы әкімшілік жауапқа тартылып, жалпы сомасы 73,3 млн теңгеден астам айыппұл салынған.

Сонымен қатар елордада қалдықтарды басқарудың цифрлық жүйесі жетілдірілуде. Waste management ақпарат жүйесі арқылы 19 мыңнан астам қоқыс контейнері, 4,8 мың контейнер алаңы және 116 арнайы техника цифрландырылған. Ал құрылыс қалдықтарын қабылдайтын «Солтүстік қырқа» алаңында Smart waste платформасы енгізіліп, барлық жұмыс цифрлық форматта жүргізілуде.

# ҚОНЫС АУДАРУШЫҒА – ЗОР ҚОЛДАУ


Интернеттен алынды

Қазақстанда кадр тапшы өңірлерге қоныс аударатындарға 7 миллион теңгеге дейін субсидия беріледі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, енді экономикалық ұтқырлық сертификатының ең жоғары мөлшері 7 млн теңгеге дейін (1625 АЕК) жетеді. Бұл қаражатты қатысушылар жаңа өңірде жеке тұрғын үй сатып алуға пайдалана алады. Мемлекеттік қолдау тек тұрғын үй сертификатымен шектелмейді. Қоныс аударушыларға көшуге арналған субсидиялар төленеді, тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтер шығындары өтеледі, сондай-ақ жұмысқа орналасуға жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бағдарлама толықтай цифрлық форматқа көшірілген. Өтінім беру, өңірлер картасымен, сұранысқа ие мамандықтар тізімімен танысу және қолайлы бос жұмыс орнын таңдау мүмкіндігі migration.enbek.kz порталы арқылы қашықтан қолжетімді. Бағдарлама іске қосылған 2017 жылдан бері оған 73,9 мың адам қатысқан.

# РӘМІЗДЕРДІҢ МӘНІ ЖОҒАРЫ

Астана қаласы әкімдігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібіндегі өзгерістерді түсіндіруге, оларды қолдану тәжірибесін жетілдіруге және өзекті мәселелерді талқылауға арналған семинар өтті.

**Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ**

Іс-шараны Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ұйымдастырды. Мемлекеттік рәміздерді пайдалану саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер түсіндіріліп, мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы қолдану тәжірибесі қарастырылған жиында осы бағыттағы өзекті мәселелер талқыланып, қатысушылардың сұрақтарына жауап берілді. Басқосуға Астана қаласының мемлекеттік мекемелері мен оларға бағынысты ұйымдардың өкілдері қатысты.

– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері: ту, елтаңба, әнұран. Осыған дейін «гимн» деп аталса, биылдан бастап ресми түрде «әнұран» деп аталады. Мемлекеттік туды елдің барлық аумағындағы барлық мемлекеттік мекемеде орналастыру керек. Тек шетелдік елшіліктерге ғана туды ілу міндеттелмейді. Оның барлық стандартын сақтау шарт. Жалпы рәміздерді қастерлеп, күтіп ұстап, мән-маңызын арттырған жөн, – деді Мәдениет және ақпарат министрлігі Геральдикалық жұмыс басқармасының басшысы Гүлдана Мәлікқызы.



# АҚЫЛДЫ РОБОТ – ҚЫЗМЕТТЕ

Елордада тапсырысты автономды түрде жеткізетін жаңа сервис тест режимінде іске қосылды. Жобаның алғашқы кезеңінде Есіл және Нұра аудандарының тұрғындары «Яндекс лавка» сервисінен тапсырысты жаяу жүргіншілер инфрақұрылымы арқылы өздігінен қозғалатын робот-курьерлердің көмегімен тегін ала алады.




Қанатқақты жоба елорда әкімдігі, қалалық Полиция департаменті, «Astana Innovations» АҚ және Yandex Qazaqstan компаниясының бірлесуімен, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асып жатыр.

Тегін жеткізу қызметіне «Яндекс Go» қосымшасының «Лавка» бөлімінде тапсырыс беруге болады. Егер көрсетілген мекенжай қанатқақты жоба аймағына кірсе, пайдаланушы тапсырыс рәсімдеу кезінде кәдімгі курьерді немесе робот-курьерді таңдай алады. Роботпен жеткізу үшін қосымша ақы алынбайды. Ол тұрғын үйге дейін жаяу жүргіншілер бағытымен келіп, кіреберіс алдындағы тротуарда немесе ең жақын қолжетімді орында тоқтайды. Пайдаланушы оның қозғалысын қосымша арқылы бақылап, келгеннен кейін смартфонның көмегімен жүк бөлігін ашып, тапсырысын алады.

– Астаналықтарға арналған сервистерді қолжетімді әрі ыңғайлы ету үшін заманауи технологиялар кезең-кезеңімен енгізіліп келеді. Жоба аясында біз автономды жеткізу қызметінің қалалық инфрақұрылым жағдайындағы жұмысын бағалаймыз. Негізгі назар қауіпсіздікке, сервистің сенімділігіне және пайдаланушылардың өзара байланысына аударылады. Ал оның нәтижесі елордада автономды жеткізу қызметін одан әрі дамытуға негіз болмақ, – деді «Astana Innovations» АҚ басқарма төрағасы Ғизат Әмірғали.

# САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Елордада алғашқы Құрылтай депутаттарын сайлауға дайындық қарқын алды. Дауыс беру күні Астанада 520 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Қазір учаскелік комиссиялар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп сайлаушылар тізімін нақтылап, дауыс беру процесіне дайындық жүргізуде. Әр азамат өзіне тиесілі учаскені eGov Mobile қосымшасы, Gov.kz порталы немесе елорда тұрғындары үшін арнайы іске қосылған sailau.astana.kz сайты арқылы анықтай алады. Ол үшін жеке сәйкестендіру номерін енгізу жеткілікті.

**Райхан РАХМЕТОВА**

2 тамызда әкімдіктер электронды және қағаз түрінде сол тізімдерді учаскелік комиссияларға тапсырады. 7 тамыздан бастап әрбір тұрғын өзі тіркелген учаскеге барып, сайлаушылар тізімінде бар-жоғын тексере алады. Егер қандай да бір қателік анықталса, оны сол жерде түзетуге болады. Ал сайлау күні тұрақты тіркелген мекен-жайында болмайтын азаматтар арнайы уақытша орындарда таңдау жасайды. Мұндай учаскелер ауруханаларда, тергеу изоляторларында, әскери бөлімдерде орналасады. Ол үшін азаматтар дауыс беру күніне кемінде 15 күн қалғанда тиісті өтініш беруі қажет.

Қазір Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысатын жеті саяси партияның сенімді өкілдеріне арнайы куәліктер табысталуда. Сонымен қатар саяси дода барысын бақылайтын халықаралық байқаушылардың тізімі да артып келеді. Бүгінде олардың саны 86-ға жетті. Астанадағы 23 қоғамдық ұйым байқаушы ретінде қатысуға ниет білдіріп, аккредиттеу рәсімінен өтіп, тиісті куәліктерін алуда. Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Бейсембай Жұмабековтен осы дайындық барысы, жалған ақпаратпен күрес, шетелдік БАҚ өкілдерін тіркеу және сайлау комиссияларында жұмыс істейтін азаматтарды оқыту туралы сұрадық.

– ҚР заңнамасына сәйкес шетелдік БАҚ өкілдері сайлау науқанын жариялауға құқылы. Ол үшін ҚР Сыртқы істер министрлігі арқылы аккредитациядан өтуі керек. Сол журналистер үгіт-насихат кезеңін, дауыс беру барысын және дауыс санау рәсімін заң талаптарына сәйкес еркін жариялай алады. Сонымен қатар олар Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастыратын брифингтер мен баспасөз мәслихаттары, ақпараттық іс-шараларға қатыса алады. Сайлау күні халықаралық бақылаушылармен қатар шетелдік БАҚ өкілдерінің жұмысына барлық қажетті жағдай жасалады. Бұл - сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамның бірі, сондықтан оған өте үлкен көңіл бөлеміз, – дейді ол.




Сайлау кезінде қоғамда нақты және ресми ақпараттар жеткізу – ең басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта Астана қалалық аумақтық сайлау комиссиясы және басқа да мемлекеттік органдар бірлесіп жүйелі ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

– Астана қалалық аумақтық сайлау комиссиясы сайлау науқанына қатысты барлық маңызды ақпаратты, түсіндірме материалдарын, сайлау рәсімдері жөніндегі жаңалықтарды және азаматтарды қызықтыратын өзекті сұрақтарға жауапты өзінің ресми интернет ресурстары мен әлеуметтік желідегі парақшаларында тұрақты түрде жариялап келеді. Бұл тұрғындардың ресми әрі тексерілген ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар ақпараттық кеңістікке тұрақты мониторинг жүргізіледі. Сайлауға қатысты жалған немесе бұрмаланған ақпарат анықталған жағдайда ресми түсіндірмелер беріліп, шынайы ақпарат жедел жарияланады. Қажет болған жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті құқықтық шаралар қабылданады. Осыған байланысты азаматтарға сайлау туралы ақпаратты тек ресми дереккөздерден алып, тексерілмеген мәліметтерге сын көзбен қарауды ұсынамыз, – деді комиссия төрағасы.

Астанада түрлі сала мамандарынан жинақталған 4263 адам сайлау комиссиясының мүшесі ретінде жұмыс істейді. Алдымен олар комиссия жұмысын сапалы жүргізе алатындай бірнеше кезеңде оқытылады. ОСК-ның үлкен электронды парақшасы бар, соған кіріп сайлауға қатысудың алдында тест тапсырып, нәтижесінде жақсы баға алғаннан кейін жұмысқа кірісе алады. Практикалық оқытуға көп көңіл бөлінеді.

– Сайлау туралы заңда да өзгерістер көп. Әр түрлі мәселемен бір жағдай туындаса, соны реттеуге деңгейі жетуі керек. Сондықтан оқыту семинарлары өткізіледі. Олардың біліктілігі – біздің абыройымыз, – дейді Б. Жұмабеков.

Сайлауда қызмет ететін комиссия мүшелерін оқыту, дәріс беру 21 тамызға дейін жалғасып, олар толық білім алып шығады. Астана аумақтық сайлау комиссиясы шетелдегі комиссия мүшелерін де бірнеше рет онлайн түрде оқытады. Одан басқа байқаушылар, партиялар, сайлауға қатысатын түрлі ұйымдар, яғни полиция, БАҚ өкілдері де хат жазып, семинар өткізуге өтінім берсе, оларды да оқыту мүмкіндігі бар.

# САЙЛАУШЫЛАР КҮТКЕН ҮМІТ КӨП

Сайлаушыларға жаңа идея керек. Олар жаңа идеяларға мұқтаж болып отыр. Жалпы бұл тек қана біздің елімізде емес, әлемде солай үрдіс алған. Сондай идеяларға тастабан болсын деп, жаңа Конституцияны да Құрылтайды да құрдық.

Ертеңгі күні сайлауға түсетін саяси партиялар өздерінің бағдарламаларын ұсынып жатыр. Ол бағдарламалар ішінде шынында жаңа идеяларға бастама болатын түрлі форматтар бар екен, соның ішінде терең және күрделі мәселелер қамтылыпты. Енді сол бағдарламаны қабылдау мен ұсыну бар да, оны жүзеге асыру бар ғой. Ертеңгі күні соны жүзеге асыратын біздің депутаттар қандай болуы керек деген мәселеге келетін болсақ, егерде депутат саяси білімді болып, рухани білімнен хабарсыз болса, ол сол саясаттың өзін дұрыс жеткізіп береді деп айта алмаймын. Сол сияқты заңгердің өзі де заңның мәселесін білетін болса, тек қана соны жаттаған болса, ол халыққа заңды толық түсіндіріп бере алатынына сенім жоқ. Сондықтан кешегі күні саясат пенен заңды рухани біліммен ұштастырып сөйлейтін Әбіш Кекілбайұлынан, бүгінгі күні күллі әлемдік тілді меңгерген әлем басшыларын таңқалдырып жүрген Мемлекеттің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтан үлгі алу керек деп ойлаймын. Мемлекет басшысы ұсынған кітап оқитын ұлт жобасы жаңа Конституциямен ұштасып жатыр. Кітап оқитын ұлт жобасынан үлгі алған біздің елде қазір кітап оқудың қайта өрлеу кезеңі басталып жатыр. Халық білімді. Ал білімді халық бір жолды шиырлағысы келмейді, митың жүрісті қаламайды. Оларға жаңа идея керек. Білімді халықтың ертеңгі күні депутатқа қоятын сауалы көп, сол сұрақтардың ішінде оңайы жоқ. Президентіміз айтқандай Құрылтайдың болашақ депутаттары бастамашыл, мемлекетшіл, отаншыл болуы керек. Біз депутаттардан осыны күтеміз. Кандидаттардың ішінде жастар да баршылық екен. Бұл Құрылтайдың жаңа келбеті. Жалпы қоғам Құрылтайдан үлкен үміт күтеді.

**Оңайгүл ТҰРЖАН,**
**ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

# ДАҚПЫРТҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сайлау науқаны кезеңінде дипфейктер жиілеуі мүмкін. Сондықтан жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы ескертеді.

Ақпараттық кеңістікте жасанды интеллект технологияларының көмегімен дайындалған, саяси партиялар өкілдерінің бейнесі заңсыз пайдаланылған бейнематериалдардың таралуы тіркелуде.

Мұндай материалдар қоғамдық пікірге ықпал ету және ақпараттық манипуляция жасау құралдарының бірі саналады. Олар сайлау процесіне қатысушылардың беделін түсіруге, қоғам назарын саяси партиялардың сайлауалды бағдарламалары мен үгіт жұмыстарының мазмұнынан басқа арнаға бұруға, сондай-ақ дауыс беру қарсаңында қоғамдық маңызы бар ақпарат туралы бұрмаланған түсінік қалыптастыруға бағытталуы мүмкін.

Осыған байланысты саяси партиялардың атынан жарияланатын кез келген мәлімдеме, үндеу, бейнематериал мен өзге де ақпараттық жарияланымдар тек тиісті саяси партиялардың ресми ақпараттық ресурстарында жарияланған немесе жарияланған ақпараттың дұрыстығына жауапты тіркелген бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған жағдайда ғана сенімді ақпарат көзі ретінде қарастырылуы тиіс екеніне назар аударамыз.

Азаматтарды ақпараттық қырағылық танытуға, таратылып жатқан контентке сыни көзқараспен қарауға және оның шынайылығы расталғанға дейін одан әрі таратудан бас тартуға шақырамыз. Егер материалдан жасанды интеллект арқылы генерациялау, монтаждау немесе нақты айтылған мәлімдемелерді бұрмалау белгілері байқалса, ақпаратты ресми дереккөздер арқылы тексеріп, жалған ақпарттың таралуына жол бермеу ұсынылады.

# САЯСИ ДОДА ҚЫЗА ТҮСТІ

Үгіт науқаны басталған соң партиялардың электоралды рейтингісі өзгерді. Осылайша саяси дода қыза түсті.

Еуразиялық интеграция институты 2026 жылғы 16-26 шілде аралығында Құрылтай сайлауы алдында қазақстандықтардың сайлау қалауы мен саяси мінез-құлқын зерттеу мақсатында Қазақстанның 17 облысында және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында жаппай сауалнама (face-to-face) әдісімен екінші әлеуметтанулық зерттеу жүргізді. Барлық өңірлер бойынша сауалнамаға 4 000 респондент қатысты.

Осы зерттеу аясында саяси партиялардың қазіргі таңдағы рейтингісіне және сайлаушылардың ықтимал белсенділігіне қатысты қоғамдық пікірді екшеу жалғасты.

Сондай-ақ, бұған дейін 3-13 шілде аралығында жүргізіліп, қорытындысы 15 шілдеде жарияланған сауалнамадан бергі өзгерістерге талдау жасалды (https://www.facebook.com/ieikz/posts/1367208092281018).

«Әділет» партиясы әлі де көш бастап тұр, оның электоралды рейтингісі 65,1%-ға дейін өсті.

Екінші орында – «Ауыл» партиясы, оны респонденттердің 5,9%-ы қолдауға дайын.

Ал басқа партиялардың рейтингісі өзгеріске ұшырады.

«Ақ жол» партиясы (4,7%) үшінші орынға көтеріліп, тікелей бәсекелесі «Respublica» партиясын (4,6%) азғана басымдықпен басып озды.

Осыған ұқсас өзгеріс Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясына (4,2%) да қатысты, ол сайлау додасының қазіргі кезеңінде Халық партиясын (4,1%) аз ғана айырмамен басып озды.

Барлық партиялар өз позицияларын белгілі бір дәрежеде нығайтып, сайлаушылардың көңілінен шығып жатқанда, «Байтақ» жасылдар партиясының жағдайы керісінше – оның рейтингі 0,5%-ға дейін төмендеді.

Сонымен қатар, «Барлығына қарсы» дауыс беруге ниеттілер саны 2,5%-ға дейін төмендеді. Әлі таңдау жасауға дайын емес респонденттердің үлесі де біртіндеп төмендеп келеді – 14,2%-дан 8,4%-ға дейін азайды.

Осылайша, жаңа әлеуметтанулық деректер партия рейтингтерінің белгілі бір деңгейде өскенін көрсетеді, бұл ресми науқан басталғалы олардың қоғамдық белсенділігінің артуымен байланысты болуы мүмкін (сауалнама 16-26 шілде аралығында жүргізілді).

Азаматтардың сайлауға қатысуының ықтимал белсенділігіне келетін болсақ, бұл көрсеткіш те артып келеді. Құрылтай сайлауына қатысу-қатыспауы туралы нақты сұраққа респонденттердің 73,2%-ы дауыс беруге қатысатынын растап, 23 тамызда сайлау учаскесіне баруға дайын екендігін мәлімдеді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың 13,2%-ы дауыс беру құқығын пайдалануға ниетті екенін білдірмеді, тағы сонша адам – 13,6%-ы күмән білдіріп, сұраққа жауап бере алмайтынын айтқан.




Жалпы алғанда, қазақстандықтардың электоралды процесіне қатысу белсенділігі артып келеді, мұның себебі ақпараттық кеңістікте Құрылтай сайлауының тақырыбы басымдыққа ие екеніне байланысты.

Респонденттер Құрылтай сайлауында дауыс беруге итермелейтін басты себеп ретінде азаматтық борыш сезімін жиі атайды (54,2%). Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың 45,8%-ы сайлау кандидаттар арасында дұрыс таңдау жасауға мүмкіндік береді деп санайды, себебі азаматтар өз мүддесін толыққанды қорғайтын партияларды таңдағаны жөн деп санайды.

Сондай-ақ, респонденттердің басым көпшілігі, яғни 64,3%-ы саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларымен таныс екенін атап өту керек. Дегенмен, олардың 19,3%-ы партия бағдарламаларын үнемі қарап отырады, ал қалған 45%-ы бағдарламалардың мазмұнымен өзі тұтынатын ақпараттық кеңістікте жарияланған кезде танысады.

Осылайша, партиялардың сайлаудағы жеңісі көбінесе олардың үгіт-насихат жұмысының тиімділігіне және сайлаушылармен тығыз қарым-қатынас орната алуына байланысты деп тұжыруға болады.

Іріктеме 18 жастан асқан халықтың әлеуметтік-демографиялық құрамының тиісті пропорцияларына жақын (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2026 жылғы сәуірдегі деректеріне сәйкес) бөлінген параметрлер (облыс, тұрғылықты жері (қала/ауыл), жынысы, жасы, этникалық тегі) бойынша репрезентативті сипатқа ие. 95% сенімділік ықтималдығы бар іріктеменің статистикалық қателігі ±1,54%-тен аспайды.

Еуразиялық интеграция институты ОСК-ның 2026 жылғы 3 шілдедегі №ОСК-11-07/3Т-С-30 жазбаша хабарламасынан алынған деректерді жариялап отыр.



# ТОЙДЫҢ ТҮПКІ МӘНІ НЕ?

Дәстүр мен жаһандық үрдіс астасқан дәуірде ғұрыптың озығы мен тозығына, жаңғыру жолына куә болып жүрміз. Осы ретте қазақ қандай мақсатта той жасап, қыз жасауын не үшін берген, басқа да салттардың мәні неде? Тақырыпты тың көзқараспен зерттеп жүрген антрополог, Цюрих университетінде антропология саласында PhD дәрежесін алған, InVision U университетінде әлеуметтану бағдарламасының директоры Динара ӘБДІЛДАМЕН тілдесіп, шетелде білім алып келген жас зерттеушінің ойына құлақ түрдік.

**– Динара, құдалық, ұзату, үйлену тойы, беташар, алып қашу сияқты салт-дәстүрді терең зерттеп, бұл тақырыпты арнайы еңбегіңізге арқау еттіңіз. Бүгінде елімізде үйлену және басқа да тойларды өткізудің антропология тұрғысынан мәні неде, жалпы тойға шашылу қажет пе? Сол жайында айтып берсеңіз.**

– Егер біздің қазіргі қоғамдағы мәселелерді, атап айтқанда, гендерлік теңсіздік, еңбектің теңдей бөлінбеуі, мысалы, үй шаруасына қатысты жұмыстарды әйел, еркектікі деп қарау, ата-ене мен келін арасында туындайтын түсініспеушілік, келінге міндеттелетін артық жүктеме, отбасындағы зорлық-зомбылық, жаңа түскен келінді дұрыс қабылдамау, алып қашу сынды фактілерді ескерсек, қазіргі дәстүрлердің, ұзату, беташар болсын, түрлі жоралғылардың жасалғаны дұрыс деп санаймын. Себебі бұл дәстүрлер арқылы, мәселен, үлкен той жасаумен қыз ұзататын ата-аналар қызды алып жатқан отбасыға өздерінің материалдық және моральдық деңгейі, қоғамдағы, туыстар арасындағы мәртебесі туралы символды түрде белгі береді. Ол ашық айтылмаса да, толық отбасынан шығып, артында тұрған үлкен әулет, іздеушісі, сұраушысы бар екенін, сыйлы жерден шыққанын білдіріп, қызды алып жатқан тарапқа өзінің беделін көрсету арқылы барған жерінде оған дұрыс қарауына алғышарт жасайды.

**– Антропологияда далалық зерттеу жасау үшін 2014-2018 жылдар аралығында Алматы облысына барып, үйлену тойы туралы зерттепсіз. Бізде өңірлердегі той өткізу мен жалпы салт бойынша айырмашылық алшақ па?**

– Антропологияның ең негізгі талаптарының бірі саланы соған қатысы бар адамдармен бірге өмір сүру арқылы зерттеу, олар қандай тілде сөйлейді, қандай мәдениеті бар, соның бәрін олармен бірге тұра отырып зерттеу жүргізеді. Докторантураның өзінде кем дегенде 1 жылдық далалық зерттеу болуы керек. Бұл жерде біз белгілі бір ауылды, аймақты ғана таңдап алуымыз керек. Негізі, өңірлерде той өткізу бір-біріне ұқсас келеді. Бірақ салт әртүрлі болады, әсіресе құдалық жасауда ерекшелік байқалады және үлкен тойға дейінгі жасалатын рәсімдерде айырмашылық бар. Қазір ұзату, сырға салу көбіне ырым түрінде жасалады. Мысалы, сырға салу ұзатудың ішіне кіріп кеткен. Ал бұрын, яғни Қазан төңкерісіне дейінгі сырға салуда қалың малдың көп бөлігі төленгенде, қызға «құда түсіп қойған» деген белгі ретінде құлағына арнайы сырға таққан. Бұл қазір ырым ретінде қалың малды алып келген кезде бірігіп кетті. Десе де атауы кәдесый ретінде сақталып қалды. Ұзатуда бұрын қызды атқа, түйеге отырғызып ауылынан алып кететін. Қыз анасымен, жеңгесімен бірге сәукеле тігетін. Ал қазіргі ұзату бизнес-индустрия ұсынатын шоуларға қарай бейімделді.

**– Қалың мал, кит беру сияқты салттың да мәнін ашып айтқан едіңіз.**

– Қалың мал, кит беру де біраз өзгеріске ұшыраған. Қазан төңкерісіне дейін қалың мал малмен төленетін. Аты айтып тұрғандай, көп мал берілген. Оны туыстар әулет болып бөліп төлейтін. Қалың мал, көбі ойлайтындай, қызды сатып алу дегенді білдірмейді. Қыздың жасауын, қайтарылатын сыйлықтардың құнын ескерсек, кейде жасау құны қалың мал көлемінен көп шығады. Қазір қалың мал көбіне ақшалай түріне ауысқан, десе де кейбір өңірлерде оның құнын белгілеу үшін «бір жылқының құны» дейді. Кей жерде доллармен есептейді. Бұл – дәстүрдің заманға бейімделіп отыратынының дәлелі. Дәстүр үнемі өзгеріске ұшырайды, кит құрамы да жаңа трендтерге қарай өзгереді.

**– «Егер бізде ресми институттар, мемлекеттің заңдары дұрыс жұмыс істесе, экономика дұрыстала берсе, адамдар туысына емес, көбірек ресми органдарға сенуге талпыныс жасайды. Үлкен той жасаудың қажеттілігі де біртіндеп азая беретін еді» депсіз. Неге?**

– Той жасау – туыстарыңызбен қарым-қатынасты ұстап тұрудың бір жолы. Әсіресе, қазір адамдар жұмысбасты, бір-бірімен көп араласа бермейді, бұрынғыдай айтшылау, ескертпей қонаққа бара салу деген жоқ. Сондықтан той сияқты үлкен жиындарға сіз міндетті түрде барасыз, сыйлық жасағанда көбіне ақша түрінде бересіз, сіз берсеңіз – келесі жолы сіздің туысыңыз да тойыңызға тура солай қайтаруға тырысады. Сондықтан сыйлық жасау, тойға шақыру арқылы адамдардың формалды емес байланысы сақталып тұрады.

**ҚАЗІР АДАМДАР ЖҰМЫСБАСТЫ, БІР-БІРІМЕН КӨП АРАЛАСА БЕРМЕЙДІ, БҰРЫНҒЫДАЙ АЙТШЫЛАУ, ЕСКЕРТПЕЙ ҚОНАҚҚА БАРА САЛУ ДЕГЕН ЖОҚ. СОНДЫҚТАН ТОЙ СИЯҚТЫ ҮЛКЕН ЖИЫНДАРҒА СІЗ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БАРАСЫЗ, СЫЙЛЫҚ ЖАСАҒАНДА КӨБІНЕ АҚША ТҮРІНДЕ БЕРЕСІЗ, СІЗ БЕРСЕҢІЗ – КЕЛЕСІ ЖОЛЫ СІЗДІҢ ТУЫСЫҢЫЗ ДА ТОЙЫҢЫЗҒА ТУРА СОЛАЙ ҚАЙТАРУҒА ТЫРЫСАДЫ**

**– «Кейбір дәстүрді адамдар ақшасы бар болғандықтан құрастырған. Ақшасы бар екенін тікелей айтпағанымен, кеткен шығынды басқа бір дәстүрді құрастыру арқылы қоғам алдында ақтап алады. Дәл сол дәстүрді ойлап тапқан адамның түсіндірмесі бір болуы мүмкін, бірақ басқалар оны өзінше пайымдап, жаңа түсініктеме беруі мүмкін». Бұл қалай?**

– «Дәстүрді ақшасы бар адамдар жасайды» дегеніме менің зерттеуімде жауап бар. Елімізде ұзатудың бөлек той ретінде жасала бастауы экономикалық реформалар жүзеге асып, Қазақстанда экономикалық «бум» болған кезге сәйкес келеді. Мысалы, 2000 жылдар, сол жылдары елдің бүкіл өңірінде ұзатуды тойлау мейрамханаларға ауысты. Оны ауыстыратын адамдардың ақшасы көп болды. Мұны басқа адамдар көріп, бірден іліп әкетті. Екінші талпыныс 2015 жылдары жасалды. Экономика тұрақты болып тұрған кезде мен зерттеу жүргізген өңірде бір үш отбасы беташарды бөлек той ретінде жасамақшы болды. Бай отбасылардың шақыратын адамы да, танысы да көп болады. Бәрін бір шақыру үшін сол өңірде мейрамхана шағын еді. Сондықтан адамдары сыймай, екі той жасаймын деп шешті. Алайда халық «ненің шашылуы» деп сынайды. Сол сөзден қашу үшін олар беташарды мейрамханада жасап жатырмыз деп ақталды. Алайда бір жылдан соң девальвация басталып, экономика төмендеп кетті. Сөйтіп халық әлгі үшеудің соңынан еріп кете алмады. Болмағанда беташар бөлек той ретінде бөлініп шығуы мүмкін еді деп ойлаймын.

**– Зерттеулеріңізге қарасақ, тойдың, жалпы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың рухани жағынан гөрі экономикалық мәні көбірек болғаны байқалады.**

– Тойларды бұған дейін рухани, тәрбиелік, танымдық жағынан зерттеулер көп. Ал мен зерттеулерімде тойды экономикалық және әлеуметтік антропология тұрғысынан қарастырдым. Сол себепті фокусым адамдардың әрекетін, оларға қандай факторлар әсер ететінін түсіндіру болды. Бұл зерттеуім қазір диссертация түрінде университеттің цифрлық кітапханасында блокта тұр, себебі оны кітапқа айналдырып басып шығу жоспарда бар. Central Asian Survey журналында алып қашу туралы кішігірім мақалам шықты. Қорыта келе айтарым, той – қоғамның айнасы. Қоғам, қоғамның өзекті мәселелері түзелсе, тойдың форматы да түзеледі.

**Сұхбаттасқан**
**Райхан РАХМЕТОВА**

# ЗАРДАБЫ ЗОР «МАНИЯЛАР»

Әлсіз пенденің басына түскен «маниялардан» қалай сақтануға болады? Әлде адамның жаратылысы тәуелділікке бейім келе ме? Жас ғұмырдың ішімдікке салынғаны да бір бейнет, нашақорлық, құмар ойындар, интернет-ойындарға тәуелділік тағы бар. Енді тауардың бетіне қарамай, сапырыстырып сатып ала беретіндерді де тәуелділікке жатқызып отыр.

**Айгүл УАЙС**



«Шопомания» – ол да жаман. Оны ғылымда бәрін барынша сатып алуға деген құлшынысы мен құмарлығын тежей алмайтындарды айтады. Ақылмандар осы «манияны» әйелдердің әдетіне айналдырып жіберді. «Көңілің құлазыса, күйеуіңе ренжісең, дүкен арала» деген соң көбі базаршылап кетіп, тәуелділіктен құтыла алмай жүр.

Жан-жақтан құйылып жатқан ақпараттардың жартысы – жарнама. Адамның әлсіз тұсын дөп басқан тауар өндірушілер «жарнама тәуелділігінен» ақша сауып жүр. Ел де қызық, жалт-жұлт еткен жарнама көрсе, соған қол жеткізбейінше көңілі тыншымайды.

Соңғы 20 жылдың ішінде пайда болған бұл «маниялардың» салдары ауыр, зардабы шаш етектен. Ең жаманы, халықтың қаржы сауатының жоғын оң жамбасына келтіргендер адамның қалыпты тұтыну, қолдану, пайдалану тұрғысындағы талғамын ажырата алмайтындай етіп бағдарын ауыстырды.

Басымызға біткен сордың сорақысы – «несиеге деген тәуелділік». Бұл «диагноз» қит етсе банкке жүгіріп, бас-көзге қарамай, азық-түлігіне дейін несиеге алатындарға қойылады.

Жасырмаймыз, көбімізге «кредитке тәуелділік» тән. Оның рахатын да, азабын да бір кісідей татып қалдық. Жалпы несие тым жаман нәрсе емес. Егер барлық тәуекелді дұрыс есептеп, қарызды жабатын қаражатты салмақтап, бүгінін бүтіндеп, кейін алған затыңыздың төлемінен құтылып жатсаңыз жақсы. Тек «алғанда біреудің ақшасы, бергенде өзіңнің ақшаң» деген қағиданы ұстаған жан, банк те пайда көреді. Ал егер шамаңызға қарамай, ақшаның қызуына құнығып кетіп, қарпып алып, оны қайтаратын жағдайыңыз болмаса, бұл – «тәуелділік». Несиеге тәуелділіктің тағы бір белгісі – алған нәрсесінің құнын «бөліп төлеуге» деген құмарлық. Осылайша үстіндегі алым-салымын ескермей, едәуір қосып беріп жүргені де жақсылықтың нышаны емес. Әдетте, мұндай несиелер алғашқы әсермен, ет қызумен алынады, қарыз алушы артына қарайламай, қарызды қалай өтейтінін ойламайды. Бұл індетті қоздырушылар барынша тауарын сатып, мол пайда үшін арзандатылған немесе пайызсыз деп түрлі қулықпен тұтынушыларын арбайды.

Кейде қарызға кірмей, қажетті қымбат затты сатып алуға келгенде кез келген адамның қалтасы көтере бермейтіні рас. Сонда да қарапайым ғана шыдамдылық сол сәтте жетіспейді. Көзі бұлдырап, жаңа нәрсені көрген бетте бірден оған қол жеткізгісі келеді. Бұл – несиеге тәуелділіктің құрбанына тән қасиет. Негізінен, табысы төмен адамдар несиеден дәмелі, алайда бұл ақыр соңында оларды тақыр кедей етеді. Зардап шеккендердің арасында жастар да бар. Бұл індетке кезінде аға буын өкілдері жиі шалдығатын. Өйткені кеңес өкіметі тұсында өмір сүрген халық айлап кезекке тұрып, қажетті тауарды күтуді әдетке айналдырған. Бүгінде тауарлар мен қызметтер қолжетімді, бірақ психология тұрғысынан таршылық көргендер керек болар деген оймен көзге түскенін жинай беруге дайын.

Сонымен, өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай орта жолды қалай табуға болады? Мамандар несие алмас бұрын мына сұрақтарға жауап беру керек дейді. Біріншіден, бұл зат маған не үшін қажет, кейінге қалдырсам немесе мүлдем сатып алмасам не болады? Ол мақсатыңыз бен қажетіңізге сәйкес келе ме, сатып алғандай болсаңыз, өміріңізді жақсарта ма, әлде қарыздың қамытына ұрынасыз ба? Несиені қалай өтейтініңізді қарастырыңыз. Табысыңыз тұрақты ма, шығындардың көбеюінен тұрмысыңыз ауырлап кетпей ме?

Несие өте қажет болса, несие тарихыңызға зиян келтірмеу үшін және банктермен, борышкерлермен және т. б. проблемаларды болдырмау үшін оны уақытында және кешіктірмей қайтару жолын табуға тырысу керегін бәріңіз білесіздер. Алайда іс жүзінде барлығы дерлік несиесін өтей алмайтыны бар. Мерзімі өткен берешек те күн сайын өсіп, қарыздың иіріміне тарта береді. Тәуелділіктің соңы соған апарады. Сақ болайық!

## ДҮЙСЕНБІ
## 3 ТАМЫЗ

### QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:05 «Сүйе білсең...» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
8:00 «Сақшы арыстан» мультхикаясы.
9:00 «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «Қызық екен...»
13:10 «Ыстық ұя» телехикаясы.
14:15 «Ақорда»
14:30 Арнайы жоба.
15:00 «Жарқын жүздесу»
15:55 «Сен қасымда болмасаң...»
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ӘУЛЕТ ҚҰПИЯСЫ» телехикаясы.
21:25 «Сен қасымда болмасаң...»
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 түн»
0:40 «Қазір айтайық»
1:30 «Ашық алаң»
2:25 «Қызық екен...»
3:10 «Сүйе білсең...» телехикаясы.
3:50 Арнайы жоба.

